



Әмірі - өнеге, өнері - үлгі

**Ардақты аға-
апаларымыздың ерен
еңбекі мен аяулы
есімдерін әркез естен
шығармай, құрметтеу-
қастерлі парызымыз.**

Асыл арман мен ерен еңбек адамды биікке жетелейді, көкке кең құлаш жая самғатады. "Талантты адам бар жағынан да талантты" деген тәмсіл бар. Әмина Сарманқызының өлшеусіз еңбектері осы сөздің айғағы.

Халқымызда "Артында ізің қалды ма, үрпағың мақтан етерлік?!" деген сөз бекер айттылмаған. Есімі үлкен әріппен жазылатын жандардың бірі, үлкен жүректің иесі Әмина Сарманқызының артында салиқалы сөзі, өшпес мұрасы, жарқын бейнесі, өнеге боларлықтай ізі қалды.

«Қазына» халықтық хорының жетекшісі болған, қазақ еліндегі хор өнерінің негізін қалаушы, атақты композитор Бақытжан Байқадамовтың талантты шәкірттерінің бірі, мәдениет саласының ардагері, 2015 жылғы «Жыл адамы» атағының иегері, музыка маманы, ұстаз Әмина Сарманқызының туғанына биыл 80 жыл толып отыр.

№2 ОӘФК-ның үй-

ымдастыруымен Әмина Сарманқызының өнегелі өмірі мен ғибратты істерін насиҳаттау мақсатында «Әмірі - өнеге, өнері - үлгі» атты еске алу сағаты өткізілді. Аталған іс-шараға Әмина апамыздың өнерде қатар жүрген әріптестері, ұстаздың ізін құған шәкірттері, сондай-ақ, Арқалық қаласының құрметті азаматтары шақырылды. Ақын Мұқият Қойшыбайұлының арнауымен ашылған кеште «Қазына» халықтық хорының орындаудында Ш. Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақтаңы» әні, сондай-ақ, айтискер, ақын Қ.Әбілдің «Бала махаббаты» әні шырқалды.

Кеште «Аналар кеңесінің төрайымы» Б.Аяғанқызы, Ә.Сарманқызының туысқандары Қ.Нұрманов пен К.Ғаббасқызы, Әмина апамыздың ұлы А.Айтмұханбетұлы сөз алып, шығармашылық жолы мен елі үшін атқарған еңбектеріне тоқталды. Өнер саласының ардагерінің өмірінен үзінділер көрсетіліп, домбырадан күбірлекен күй төгілді.

**Сымбат
СЕЙТМАҒАМБЕТОВА,
№2 ОӘФК-ның
кітапханашысы**